



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 44/429

06 ноября 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

Аймақ жаңалықтары

Новости региона

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ҚАЛАҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ

Қараша айының 2-де облыс әкімінің бірінші орынбасары Дүйсебаев Асылбек Жексенбайұлы қалаға арнайы іс-сапармен келіп, қаланың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалымен танысып, әлеуметтік нысандарды аралап көрді.

Сапар барысында А.Дүйсебаев «Ер-Тай» ЖШС тау-кен байыту фабрикасында болып оның жұмыс үрдісімен танысты.

Қарағанды облыстық аймақтық Үйлестіру



Кенесінің 2015 жылдың 19 тамыздағы №12 қорытындысы бойынша «Ер Тай» ЖШС «Тау-кен байыту фабрикасын жаңарту және кеңейту» инвестициялық жобасын аймақтық Индустриализация Қартасына қосу туралы шешім қабылданған. Жобаның мақсаты жаңарту жолдары арқылы өнеркәсіп өнімінің көлемін көбейту. Жобаның жалпы құны 115 млн. тенге. Жоба жүзеге асқанда 50 жаңа жұмыс орны ашыламық.

Мұнан соң «Балхаш» емдеу-сауықтыру кешеніне барып санаторий кешенінің жұмыс



барысымен танысты.

Әрі қарай қаладағы №1қазандыққа барып қаланың қысқа дайындығын да тексерді.

Құрылысы 1975-1976 жылдары салынған апатты жағдайдағы Кисунько көшесіндегі №15/3 және Гвардейская көшесіндегі №12 үйлерді де көріп аралап өтті. Кисунько көшесіндегі №15/3 үйдің апатты подъездерінен бүгінгі күні 13 отбасын шұғыл түрде көшіру қажет. Бірінші және соңғы подъездер белшектенуге жатады. Жобалық сметалық құжатқа сәйкес үйдің конструкциясын күшейту жұмыстарына жұмсалатын қаражат 129 995,03 мың тенге, Гвардейская көшесіндегі №12 үйге - 73 941,33 млн. тенге.

Бұдан кейін Асылбек Дүйсебаев қала әкімшілігінде актив жиналысын өткізді.

Приозерск қаласы әкімінің баспасөз қызметі

РАБОЧИЙ ВИЗИТ ЗАМЕСТИТЕЛЯ АКИМА ОБЛАСТИ

2 ноября в городе Приозерск с рабочей поездкой побывал заместитель акима области Дүйсебаев Асылбек Жексенбаевич. Он ознакомился с социально-экономическим развитием города и посетил социальные объекты.

Первым объектом посещения стала горно-обогатительная фабрика ТОО «Ертай». По итогам рассмотрения комиссии регионального Координационного Совета Карагандинской области от 19 августа 2015 года №12 принято решение о включении в региональную Карту Индустриализации инвестиционного проекта ТОО «Ер Тай» «Модернизация и расширение обогатительной фабрики». Цель проекта: увеличение объема промышленной продукции путем модернизации. Общая стоимость проекта 115 млн. тенге. Период реализации проекта 2014-2015 гг. Будет создано дополнительно 50 новых рабочих мест.

В ходе рабочей поездки первый заместитель акима области осмотрел недавно введенный в эксплуатацию Лечебно-оздоровительный комплекс «Балхаш». Ознакомился с работой данного санатория по предоставлению медицинских услуг. Кроме этого, он осмотрел гостиничные номера санатория, тренажерный зал для фитнеса и ЛФК.

Затем направился в котельную №1 КПП «Управление жилищно-коммунального реформирования» города Приозерск, где осмотрел готовность города к отопительному сезону.

Завершилась поездка посещением аварий-



ных домов по ул. Кисунько 15/3 и Гвардейская 12. По экспертной оценке технического состояния строительных конструкций здание по ул. Кисунько д.15/3, с учетом выявленных дефектов, относится к третьей категории. Дом 1975 г. постройки. На сегодняшний день необходимо переселить 13 семей этого дома. Согласно разработанной ПСД работа по усилению конструкций дома обойдется в 129 995,03 тыс. тенге. По дому по улице Гвардейская 12 - 73 941,33 млн. тенге. Первый подъезд подлежит демонтажу.

После осмотра городских объектов Асылбек Дүйсебаев в городском акимате провел собрание актива.

Пресс-служба акима города Приозерск

Отанға қызмет – абыройлы міндет

Жағымды жаңалық

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІ

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде жылына екі рет жүргізіледі.

Он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырылудан босатылуға құқығы жоқ азаматтар Қарулы Күштер жасақтау үшін қажетті санында мерзімді әскери қызметке шақырылуға жатады.

2015 жылдың 19 наурыздағы №12/1 «2015 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанда азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақы-



руды ұйымдастыру және жүргізуді қамтамасыз ету туралы» қала әкімінің қаулысын орындау мақсатында, көктемгі шақыру комиссиясы жүзеге асырылды. Көктемгі шақырудың қорытындысы бойынша Приозерск қаласынан 19 азамат Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарына қабылданды.

Қазан айының 1-нен бастап Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарына 18 ден 27 жас аралығындағы азаматтар шақыры-

луда, күзгі медициналық куәландырудан өткен азаматтар комиссия шешімі бойынша мерзімді әскери қызмет қатарына қосылады.

Медициналық комиссиядан өтуге тиіс азаматтар шақыру қағазы бойынша белгіленген күні мен уақытында келуі тиіс. Әскери билет алмаған, 27 жастағы азаматтар әскери есеп құжатын даярлауға міндетті. Шақыру учаскесіне келмеген немесе келуден жалтарып жүрген азаматтар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 648-бабы және Қылмыстық Кодексінің 387 бабына сәйкес айыппұл төлеуге немесе жазаға тартылады.

Күзгі шақыру қарсаңында 2015 жылдың 16 қазанында әкім орынбасары Б.А.Қазиеваның төрағалығымен қала әкімшілігінде орталық аурухананың дәрігерлері, ішкі саясат қызметкері, әскерге шақырылушылар мен олардың ата-аналарының қатысуымен әскерге шақырылушыларға арналған жұмыс жиналысы өтті. Жиналыс барысында әскерге шақырылушылар Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңында көрсетілген міндеттермен танысты.

Әскерге шақырылушыларды медициналық куәландырудан өткізу барысында Приозерск қаласының орталық ауруханасының дәрігер-мамандары, Приозерск қаласының Ішкі істер бөлімі шақырудан жалтарып жүрген азаматтарды іздестіру жұмысымен қамтамасыз етті.

Г.Байманасова,

Әкім аппаратының әскери есепке алу және броньдау бөлімшесінің басшысы

МҮГЕДЕКТІК ЖӘРДЕМАҚЫ АРТАДЫ

Алда кіретін мешін жылы мүгедек жандарға қуаныш сыйлай келетін жыл болатын сынайлы. Біраз жылдан бері бірқалыпты тұрып қалған оларға жәрдемақы төлеудің жаңа түрі ұсынылып, мөлшері жақсы жағына қарай өзгеретіні мәлім болды. 2016-жылдан бастап мүгедектік бойынша жәрдемақы көлемі артатыны туралы жағымды жаңалық біздің де құлағымызға жетті. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінен хабарлады. «2016-жылдың 1-қаңтарынан бастап мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері 25 пайызға артады», - делінген ведомство мәліметінде.

Сонымен қатар ақпараттық жүйелердің интеграциясы есебінен бір өтінім бойынша мүгедектер үшін бірнеше мемлекеттік қызметтердің нәтижелерін алу мүмкін болатындығы атап өтілді. Министрлік халыққа әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін ары қарай реформалау аясында 2025-жылға дейін арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің біріктірілген моделін енгізуді жоспарлап отыр. Жаңа модель аясында мұқтаж адамдар мен олардың отбасыларына жеке және ке-

шенді қамқоршылық ұстанамы жүзеге асырылады. Ол үшін білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелерінің, сондай-ақ басқа да салалардың әлеуметтік жұмысшыларының қызметін үйлестіру тетігі жасалмақ. Бұл өз кезегінде «жалғыз терезе» арқылы мұқтаж адамдарға әлеуметтік қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде сауықтырудың техникалық тәсілдері тізбесін өзектендіру үшін ұсыныстарды жасау тұрғысында тиісті шаралар атқарылып отырған көрінеді.

Күн санап халыққа ең қажетті тауарлар мен азық-үліктің қымбаттауы аталған жәрдемақыны жұтып қоятыны белгілі болса да, бұны да жанға медет, көңілге демеу етеміз де! Қазақ қандай жағдайда да барға – қанағат, жоққа – сабыр етіп ұйренген тәубешіл халық қой. Қыспаққа алған қымбатшылықты ескеріп, қиындыққа душар болған мүгедек жандардың жағдайын ескерген мемлекетімізге өз тарапымыздан алдын-ала алғыс айтып қоюды біз ұмытпаймыз. Ең бастысы, елімізде тыныштық пен ауызбірлік болғай!

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

Новости одной строккой

Выдачу ипотеки в инвалипоте запретят в Казахстане

«В целях защиты прав потребителей будет запрещена выдача ипотечных кредитов в иностранной валюте физическим лицам, не имеющим валютных доходов в течение шести месяцев до обращения за займом», — сообщил заместитель председателя национального банка Куат Кожакметов, представляя в сенате законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам неработающих кредитов и активов банков второго уровня, оказания финансовых услуг и деятельности финансовых организаций и Национального Банка РК».

Нацбанк Казахстана объявил о повышении курса доллара

В целях сохранения золотовалютных активов Нацбанк принял решение о минимизации своего участия на валютном рынке (в сентябре-октябре 2015 г. было продано более 5 млрд. долларов).

«Это соответствует ранее объявленной политике Национального банка по свободному курсообразованию и переходу на инфляционное таргетирование», — объясняется в пресс-релизе, размещенном на сайте финрегулятора.

ЖҰМЫСЫ БАР ЕЛ ЖҰТАМАЙДЫ

Приозерск қаласының Жұмыспен қамту орталығының бүгінгі таңдағы атқарып жатқан жұмысымен және алда тұрған міндеттерімен танысу, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасының 2015-жылы Приозерск қаласында жүзеге асырылуы жайында білу мақсатында аталмыш мекемеге ат басын бұрып, **ЖҚО директорының міндетін атқарушы Дүрия Сүлейменқызы Бижановамен** сұқбаттасқан едік. Сол сұқбатты газет оқырмандарының назарына ұсынамыз:



Тілші: Сұқбатымызды Сіз басқарып отырған мекеменің атқарып отырған жұмысы туралы әңгімеден бастасақ.

Д.Бижанова: ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауында атап өткендей, келе жатқан он жылдықтың басты міндеті барлық ҚР азаматтарының өмір сүру деңгейінің жақсаруы, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалудың беріктігі болып табылады. Мемлекет бұл үшін және 2020-жылға халық санын 10% -ға өсіру үшін барлық қажетті жағдайды жасамақ. Мемлекеттік әлеуметтік саясатта біздің басты артықшылығымыз, халықты жұмыспен қамту болып табылады. Сондықтан Н.Ә.Назарбаев 2020-жылға жұмыссыздық деңгейінің 5% -дан аспауын, сонымен қатар халықтың өмір сүру үлесі ең төменгі табыстан 8% құрауын міндеттейді. Әлеуметтік қызметтер тек қана қажет ететін азаматтарға берілуі тиіс және қазіргі стандарттар мен Қазақстан халқының өмір деңгейіне сәйкес болуы керек.

Тілші: Осы орайда, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасының қоғамдағы алатын орны маңызды болар!..

Д.Бижанова: Иә, сөз жоқ, жана экономикалық қатынастарға көшу нарықтық экономиканың артықшылық жақтарымен қатар, кемшілік жақтарын да әкелді, оның бірі – жұмыссыздық. Он жыл бұрын бұл мәселе қазақстан қоғамының алдында маңызды болып тұратын. Бірақ, халықты жұмыспен қамту аясында мемлекет жүргізген саясат оны жақсы жаққа өзгертті. Осындай әрекет

етуші тетіктің бірі – бірнеше жыл ішінде жақсы жұмыс істеп келе жатқан «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасы. Үкімет 2011-жылдың наурыз айында кәсіби оқытудың тиімді жүйесін құруға, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуге, ауылда кәсіпкерлікті дамытуға, сонымен қатар еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған «Жұмыспен қамту 2020» Бағдарламасын бекітті. 2013-жылдың маусым айында «2009-2010-ж.ж. жол картасы» және «Жұмыспен қамту 2020» Бағдарламаларының жалғасы болған, жана «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» пайда болды. Бағдарламаның мақсаты – өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты, жұмыссыз азаматты және жағдайы аз қамтылған халықты кәсіби оқыту және жұмысқа орналастыру арқылы жұмыспен қамтамасыз ету, өз ісін ашуға және жаңа бизнес жобаларды дамытуға көмектесу, елімізде еңбек ресурстарын оңтайлы бөлу, халықты жұмыспен қамтуды қолдау, сонымен қатар жұмыссыздық деңгейінің өсуін болдырмау болып табылады.

Тілші: Аталған бағдарламаны жүзеге асырудың белгілі бір жүйесі, бағыты бар шығар?

Д.Бижанова: Бағдарламаны жүзеге асыру келесі бағыттармен орындалады: «Инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету»; «Кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру және тірек ауылдарды кешенді дамыту»; «Жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу».

Тілші: Аталған шаралар біздің қаламызда қандай деңгейде жүзеге асып жатқаны жайлы әңгімелен берсеңіз.

Д.Бижанова: Бүгінгі күнде біздің Приозерск қаласында да белсенді жүзеге асырылуда. Ағымдағы жылдың басынан бері Бағдарламаға қатысу үшін Приозерск қаласының Жұмыспен қамту орталығына 123 адам өтініш білдірді. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасы бойынша басым бағыттарының бірі – өз ісін ашу арқылы кәсіпкерлікті ынталандыру болып табылады. Соңғы уақытта өз ісін ашуға немесе бизнесін кеңейтуге ниет білдіргендер саны бірнеше есеге артты. Жоғарыда айтылғандардың және «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасының тиімділігінің дәлелі ретінде ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап өз ісін ашуға және кеңейту үшін шағын несие алуға ниет білдірген азаматтар саны аз болмады. Қазіргі уақытта 3 бағдарлама қатысушысы жалпы сомасы 9 млн.

теңгені құрайтын шағын несие алып, өз кәсіптерін жүргізуде.

Тілші: Қазіргі уақытта оң нәтиже беріп отырған жастар тәжірибесіне де тоқталсаңыз!..

Д.Бижанова: Жастар тәжірибесі де жоғары және орта кәсіби білімі бар түлектерді қосымша мемлекеттік қолдау болып табылады. Оның мақсаты таңдаған мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтау. Алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында орта және жоғарғы оқу орындарының 4 түлектері 6 мерзіммен қаламыздың мемлекеттік мекемелеріне жолданды. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасының тағы бір басты бағыттарының бірі жұмыс берушілердің сұраныстары бойынша 12 ай мерзімге және мемлекетпен төлемсіз субсидиялау арқылы ашылатын әлеуметтік жұмыс орындарын құру болып табылады.

Тілші: Осы мәселеге қатысты тереңірек айтып берсеңіз!

Д.Бижанова: Бүгінгі күнде қаламыздың 7 кәсіпкері және 3 ЖШС-мен әлеуметтік келісім шарт жасасып, 24 жұмыссыз азамат төлемсіз ішінара субсидиялау арқылы әлеуметтік жұмыс орындарына жолданды. Бағдарламаның шеңберінде қайта даярлау және кәсіби оқыту курстарына жұмыссыз азаматтарды жолдау көзделген. Бағдарламаның 3 қатысушысы 10 айлық кәсіптік оқу курсына 2014-жылдың қыркүйек айынан бастап 2015-жылдың шілде айы аралығында «пластмасс дәнекерлеуші» мамандығы бойынша Қарағанды қаласының техника-құрылыс колледжінде оқу курсына аяқтап, тұрақты жұмысқа орналастырылды. 2015-жылдың қыркүйек айынан бастап 3 айлық қайта даярлау курсына аспазшы мамандығы бойынша Задам (Қарағанды тамақтандыру және сервистік колледжі), дәнекерлеуші мамандығына 2 адам (Қарағанды техника-құрылыс колледжі) жіберілді.

Тілші: Өркениеттен тыс қалған ауыл адамдарын көшіру жұмысы да бүгінгі таңның өзекті мәселесі болып отырғанына хабарымыз бар.

Д.Бижанова: 2012-2015-жылдар аралығында 24 отбасы қоныс аударды, оның ішінде экономикалық даму әлеуеті төмен аудандардан қоныс аударғандар 3 отбасы: Алібаевтар 4 адам, Ақтоғай ауданы, Айыртас ауылы, Дильдаханов 1 адам Шет ауданы, Жамбыл елді мекені, Волох 1 адам Қарқаралы ауданынан, 20 бағдарлама қатысушылары - оралмандар, 1 бағдарлама қатысушысы – ата қамқорынсыз қалған азамат. Сонымен қатар, Жұмыспен қамту орталығы мемлекеттік қолдау-

сыз мақсатты топтағы 86 Бағдарлама қатысушыларын тұрақты жұмысқа орналастырды, оның ішінде 50 жастан жоғары – 3, жалпы белгіленген жасқа дейін зейнетақыға шыққан зейнеткерлер – 2, бас бостандығынан айырылғандар – 3, 29 жасқа дейінгі жастар – 52, мүмкіндігі шектеулі азаматтар – 3 адам.

Тілші: Маңызды Бағдарламаны түсіндіру барысындағы әрекеттеріңіз жайында айтып берсеңіз.

Д.Бижанова: Біздің орталық 2015-жылы келесі іс-шараларды өткізуді жоспарлады: бос орындар жәрменкесі, кәсіпкерлермен дөңгелек үстел, Достық 7 үйінің тұрғындарымен жиын, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасы бойынша, соның ішінде мақсатты топтармен түсіндіру жұмыстары, атқарылған жұмыстар туралы мәлімет. Сонымен қатар, жергілікті «Приозерский вестник» газетіне Бағдарламаны түсіндіру бойынша мақалалар басылуы жоспарланған. Жұмыспен қамту орталығы жұмыссыз азаматтарға орталықтың жұмыс жоспарына және жұмыс берушілер ұсынған бос орындарға сәйкес «Бос орындар жәрменкесі» өткізіп тұрады. 2015-жылдың 6-сәуірінде «Приозерск қаласының құрылыс және саулет» ММ ғимаратында Приозерск қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесіп желілік кестеге сәйкес «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы бойынша «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бос орындар жәрменкесі» өтті. 2015-жылдың іс-шаралар жоспарына сәйкес сәуір айының 16-жұлдызы және мамыр айының 2-жұлдызында «Жұмыссыз азаматтарға бос орындар жәрменкесі» өткізілді. Ағымдағы жылдың ақпан – сәуір айларында «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ, қалалық жергілікті «Приозерский вестник» газетіне атқарылған жұмыстар туралы мақалалар жарияланды. Апта сайын әкім аппаратының веб сайтына атқарылған жұмыстар туралы ақпарат орналастырып отырылады. Бағдарлама шеңберінде аталған оқу курстарын бітірген бағдарлама қатысушыларын тұрақты жұмысқа орналастыру қарастырылған. Жұмыспен қамту орталығына келген жұмыссыз азаматтарға «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының тетіктері мен шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары орталықтың мамандарымен күнделікті жүргізіледі.

Тілші: Мағыналы да, мазмұнды әңгіменіңіз үшін көп рахмет! Алдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

О РЕГИСТРАЦИЙ ПРАВ НА НЕДВИЖИМОЕ ИМУЩЕСТВО ПОСРЕДСТВОМ ПОРТАЛА «ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО»

Согласно п.2 ст.20 Закона Республики Казахстан «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество» от 26 июля 2007 года, регистрация прав на недвижимое имущество может осуществляться в электронном порядке. Электронная регистрация прав на недвижимое имущество проводится в следующем порядке:

- 1) нотариус после удостоверения сделки:
 - с письменного согласия правообладателя направляет электронную копию правоустанавливающего документа, заверенную его электронной цифровой подписью, посредством единой нотариальной информационной системы в информационную систему правового кадастра;
 - информирует приобретателя недвижимого имущества:
 - об уникальном номере правоустанавливающего документа, присвоенном единой нотариальной информационной системой;
 - о сумме сбора за государственную регистрацию прав на недвижимое имущество, подлежащей уплате, или об освобождении от уплаты сбора в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан;

- в случае освобождения приобретателя недвижимого имущества от уплаты сбора за государственную регистрацию прав на недвижимое имущество сканирует документ, подтверждающий право на льготу;

- направляет в информационную систему правового кадастра:

- 1) электронные адреса в сети Интернет участников сделки при их наличии;
- 2) электронную копию документа, подтверждающего освобождение лица от уплаты сбора за государственную регистрацию прав на недвижимое имущество;
- 3) правообладатель или его уполномоченный представитель оплачивает сбор за государственную регистрацию через платежный шлюз «электронного правительства» (далее - ПШЭП) любым способом, предусмотренным уполномоченным органом, осуществляющим руководство в сфере информатизации, с обязательным указанием данных плательщика сбора за государственную регистрацию прав на недвижимое имущество и уникального номера правоустанавливающего документа.

К сведению населения города

После произведения уплаты сбора за государственную регистрацию прав на недвижимое имущество реквизиты чека (уникальный код платежа, наименование получателя платежа, код бюджетной классификации, наименование банка второго уровня или организации, осуществляющей отдельные виды банковских операций, данные плательщика платежа, в том числе его идентификационный номер, сумма сбора, дата и время оплаты, уникальный номер правоустанавливающего документа) сохраняются на ПШЭП в виде электронного чека и направляются в информационную систему правового кадастра;

3) регистрирующий орган: проверяет в информационной системе правового кадастра, а при необходимости на ПШЭП наличие электронного чека, подтверждающего уплату сбора за государственную регистрацию прав на недвижимое имущество, полноту уплаченного сбора и соответствие уникального номера правоустанавливающего документа, указанного на электронном чеке и на электронной копии правоустанавливающего документа;

осуществляет действия, предусмотренные подпунктами 2) и 3) пункта 1 настоящей статьи при условии подтверждения в информационной системе правового кадастра уплаты сбора за государственную регистрацию прав на недвижимое имущество или об освобождении от уплаты сбора;

направляет уведомление о произведенной регистрации либо об отказе или приостановлении государственной регистрации по основаниям, предусмотренным настоящим Законом, в единую нотариальную информационную систему, а также при наличии на электронные адреса участников сделки;

распечатывает на бумажном носителе правоустанавливающий документ, уведомление о произведенной регистрации либо об отказе или приостановлении государственной регистрации и электронный чек, подтверждающий оплату сбора за государственную регистрацию прав на недвижимое имущество, для хранения в регистрационном деле.

Между тем, необходимо учесть, что электронная регистрация через ЕНИС распространяется только на сделки, удостоверяемые нотариусами. Остальная категория правоустанавливающих документов, к примеру, решения местных исполнительных органов регистрируются в обычном порядке.

Преимущества электронной регистрации заключается в отсутствии необходимости собирать документы, стоять в очереди и сдавать их в ЦОН.

Майбасов Б.А.

ведущий специалист

Управления юстиции города Приозерск

VIII КОНГРЕСС ПОЛИТОЛОГОВ КАЗАХСТАНА

г. Астана, 30 октября 2015 г.

В Астане состоялась VIII Конгресс политологов Казахстана на тему: «План нации и переход к новому качеству научно-аналитической работы: проблемы и перспективы».

Организатором выступило Республиканское общественное объединение «Конгресс политологов» при поддержке Министерства

культуры и спорта Республики Казахстан.

В работе Конгресса принял участие заместитель руководителя Администрации Президента РК Баглан Майлыбаев, депутаты Парламента РК, представители государственных органов, политических партий, НПО, отечественного научно-академического и экспертно-аналитического сообществ, а также эксперты из Китая, России и Болгарии.

В ходе Форума состоялось экспертное обсуждение Плана нации «100 конкретных шагов: современное государство для всех» и роли научно-аналитического обеспечения его реализации, а также актуальных вопросов развития политической науки.

Участники Конгресса отметили, что выполнение Пяти институциональных реформ – это научно обоснованный проект казахстанской модернизации. Осуществление Пяти

реформ должно сопровождаться научным анализом на всех этапах реализации. Это является ключевым условием эффективности и качества модернизационного процесса.

Пресс-служба
Республиканского
общественного объединения
«Конгресс политологов»

СЦК информирует



ӘКЕ САЛҒАН АСУДЫҢ БИГІНДЕ

Тәуелсіздік – біздің ұрпаққа берген үлкен бақыт, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістікке Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. 1991-жылы Кеңес одағы тарағаннан кейін әрбір ел тәуелсіздігін жариялап, өзінің мемлекеттік рәміздерін қабылдады. Қазақстан бұрынғы Кеңес одағының рубльдік аймағынан шығып, өзінің ұлттық валютасын шығарды. 1993-жылдың 12-қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасында Ұлттық валюта енгізу туралы» жарлық шығарды. Ұлттық валютаны «теңге», ал оның жүзден бір бөлігін «тиын» деп атауды сол кездегі ҚР Жоғары кеңесі комитетінің төрағасы Сауық Тәжешов ұсынған еді. Теңгенің де өз шығу тарихы бар. Қазақстан өз төл ақшасын шығару үшін 1990-жылы теңгенің алғашқы үлгісін жасайтын арнайы жұмысшы тобын құрды. Тәуелсіз елдің ұлттық валютасын жасап шығарған Тимур Сүлейменов, Меңдібай Әлин, Ағымсалы Дүзелханов, Хайролла Ғабжәлеловтер еді. Олар жұмыстарын Қазақстан мәдениетінің тарихи даму аспектілерін зерттеуден бастаған. Ең алғашқы теңге партиясы Англияның ең көне әрі әйгілі «Харрисон және ұлдары» фабрикасында басылып шықты. Теңгенің алғашқы партияларын сақтау үшін арнайы жер асты қоймалары дайындалған. 1993-жылы қазан-қараша айларында Қазақстан рубль аймағынан толықтай шықты. Қарашаның 12-сіндегі Президент Жарлығынан 3 күннен кейін, яғни, 15-қарашада теңге айналымға енді. Ал, бірінші айналымға енген 1 теңгенің АҚШ долларына шаққандағы құны 4,35 теңге болды. Міне, сол жылдардан бері 15-қараша – елімізде ұлттық валюта күні ретінде аталып өтетін болды.

Қаламыздың экономика және қаржы бөлімі мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің айналысатын қызметі осы датамен тікелей байланысты болғандықтан, аталмыш мекеме қызмет-



керлері жайында мереке қасаңында мақала жазуды жөн санадық. Мұнда өз мамандығына төселген, қызметін тиянақты атқарып, қала экономикасына үлес қосып жүрген мамандар жетерлік. Соның бірі – біздің бүгінгі әңгімімізге арқа болғалы отырған Лязат Асқарқызы Абибаева.

– Бала кезімдегі арманым көптеген қыздар секілді мейірбике болу еді. Олардың ақ желке-дері мен жүріс-тұрыстарына қатты қызығатын-мын. Бұл ойымды ата-анам айтқанында, таңдауыма әкем қарсы болды. Ол менің есепші болуым керектігін кесіп айтты да, балалық арманым жүзеге аспады, – деп еске алады Лязат сонау алыста қалған бала кезін. Иә, арманы болған өзге мамандықты қалаған қызын әкесі Асқар аға сегізінші сыныптан соң Тараздағы есеп-қисап

техникумына аттандырған. Тумысынан білімге құмар қыз аталған оқу орнын жақсы бітіріп, еңбек жолын 1987-жылы Мойынқұм аудандық білім беру бөлімінде материалдық есепші болудан бастаған еді. Осы жылдың қыркүйек айында талапшыл, үйрену мен білуге ықыласы зор қызға сенім артып, бас есепшінің орынбасарлығына жоғарылатыпты. Бұл оған артылған үлкен жауапкершілік болатын. Осы салада тиісінше тәжірибе жинақтап, қызметінің қыры мен сырына біраз қаныққан соң, 1989-1993-жылдары Мойынқұм аудандық қаржы бөлімінде аға есепші болып қызмет атқарады. Сөйтіп жүргенде өзінің болашақ жарын кездестіріп, Сарыөзек ауылына келін болып түседі. Есеп-шілік қызметте шыңдалған Лязатты Сарыөзек ауылдық кеңесіне есепші етіп жұмысқа қабылдайды да, 1995-жылдың көктемінде Приозерск қаласына көшіп кеткенше осы қызметті атқарады.

Сол кездегі алмағайып заманның желі бұлардың отбасын да Балқаш көлінің жағасындағы шағын қалашыққа ұшырып келген. Ауылдық жерде жолдасына жұмыс табылмауы да себепші болған сынайлы. Жақсы маман қай жерде де сұранысқа ие ғой, Лязат қызметке орналасуда кинала қойған жоқ. Сол кездегі № 2 құрылыс-жөндеу басқармасына есепші болып орналасты. Одан әрі 1998-2003, 2003-2004, 2005-2009-жылдары қаладағы «Приозерск қаласы қаржы бөлімі» ММ, «Приозерск қаласының халықты жұмыспен қамту» орталығы және «Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары» бөлімінде өз мамандығы бойынша қызмет атқарып, тәжірибесін де молайта түсті, қызметінен қол үзбей, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің сырттай бөлімін бітіріп, «Экономика және бизнес бакалавр» дәрежесіне ие болды. Ендігі жерде оның білімі де, білігі де, қызметтік дәрежесі жоғары, өз саласының майталман маманына айналды. Бүгінгі таңда Лязат Асқарқызы «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас экономисі және есепшісі қызметтерін қатар атқарып, жұмысын алға сүйреп отыр. Жұмыс бабында кейде өлшеулі уақыттан тыс қалып жұмыс істейтін сәттер де кездесіп тұрады. Оған Лязаттың еті үйренген, қалайда атқарылуға тиіс жұмысын аяқтап, нәтижеге қол жеткермей оның жаны тыншымайды. Өзіне жүктелген міндет пен жауапкершілік жүгін сезіне білгендіктен, есеп-қисап шаруаларының толыққанды аяқталуына мейлінше көңіл аударады. Сондықтанда оның ұжымда өзіндік салмағы мен абырой-беделі бар.

Л.Абибаева үлкен шаңырақтың ұйтқысы саналады. Екі қызы мен ұлын үлгілі етіп тәрбиелеп, қоғамнан өз орындарын табуына ықпал етеді. Тұңғыш қызы өзінің жолын қуып, есепшілік мамандықты тандапты және бүгінде осы салада қызмет етіп келеді екен. Қызы анасынан ғұмырлық ғибрат алумен қатар, мамандығы бойынша да ақыл-кене алып отырады. Бір кездердегі мейірбике болсам деген арманы орындалмағанымен, әкесінің салып берген сара жолында да ол кенжелеп қалмай, үлкен қадамдар жасай білді, өмір деген даңғыл жолда өзіндік қолтаңба қалдырып келеді. «Мерекең мұбарак, қызметің жемісті болғай!», деген тілегімізді бағыштаймыз біз де өз тарапымыздан.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

Атадан қалған асыл сөз

ЛҰҚМАН ХАКІМ ҰЛАҒАТТАРЫ

Лұқман хакім деген атты естімеген, білмейтін көзі ашық, көкірегі ояу қазақ баласы жоқ болар деп ойлаймыз. Сонау алыста қалған балалық шағымыздан осы дананың ғибратты сөздерін санауымызға сәніріп өстік. Аулдың әңгімешілі, шешірішіл қариялары мен қазақтың жыр-термешілері, әншілері, әсіресе Қалдаш жырау, Бақашбай, Өтеп, Мырзағали секілді жыршы-термешілердің айтуларынан жиі есітіп, құлағымызға сіңісті болған Түркімен халқының ұлы ақыны Мақтымқұлының бір термесінде:

**Лұқмандай тапсаң дерттің дауасын,
Рүстемдей жыртысаң жаудың жағасын,
Ескендірдей алсаң дүние қаласын,
Сонда да бір жермен-жекпен боларсың...**

дейтін жолдар жадымызға жатталып қалыпты. Сондай-ақ, Абай хакімнен бастап Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп сынды қазақ ойшылдарының мұраларында да «Лұқман хакім» аты жиі аталады. Жалпы Лұқман – шығыс әдебиетінде жиі кездесетін данышпан адам бейнесі. Яғни Лұқман – араб тілінде данышпан деген сөз. Ол кісі жайында ислам діні шыққан арабтарда да аңыз әңгімелер көп болыпты. Енді Лұқман Хакімнің ұлына айтқан үгіт-насихаттарына зер салайық:

«Жүрісінде орташа бол, дауысыңды қатты кө-

терме. Негізінде дауыстардың ең жаманы, ол есектің дауысы». Жақсылыққа шақырушы адам еш уақытта өзін басқалардан жоғары қоймауы тиіс. Мен оларға тура жолды көрсеттім деп дандайсымай, мінез-құлқынды, іс-әрекетінде адамдарды менсінбеушілік болмау керек. Алла Тағала дандайсыған мақтаншақ, өзін басқа адамдардан жоғары қоятын адамдарды жақсы көрмейді. Әрбір адам өзінің жүріс-тұрысын қадағалай білуі тиіс. Мұсылман мінезі мен жүрісін мұқият қадағалап жүруі қажет. Дауысты қатты көтермеу – адамның ақылды, парасатты, өзіне, сөйлер сөзіне, әділдігіне сенімді, иманы берік екендігін білдіреді. Жаман дауысты аятта есекке теңеген. Аяттағы есек сөзі ақымдақтық пен адамгершіліксіздіктің символы ретінде келіп тұр. Өрине, бұл барлық уақытта жәй сөйлеу керек дегенді білдірмейді. Аталмыш ескерту өзін көрсету мақсатында жан даусын салып айқайлап сөйлейтіндерге арналады.

Лұқман бір жолы бір дорба тарыны қасына алып, ұлына насихат айтқан кезде, әр сөйлемінде бір тары түйірін алып қасына қояды. Дорбадағы тары таусылғанда ұлына: «Әй ұлым! Саған айтқан насихатымның көптігі соншалық, бұл насихаттар бір тауға берілсе, тау жарылып, бөлшек-бөлшек болар еді» дейді. Осындай насихаттардың кейбі-

ҚАЗАҚ ӘУЕНІН ӘУЕЛЕТКЕН САЗГЕР

Ұлы сазгер, қазақ әуені мәдениетінің негізін қалаушыларының бірі, ҚазССР-нің халық әртісі, профессор КСРО және ҚазКСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Ленинград консерваториясын профессор М.О.Штейнбергтің композиция класы бойынша бітірген Евгений Григорьевич Брусиловскийдің қазақ өнеріне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз екенін қазақ халқы ешқашан ұмытпайды. 1905-жылы дүниеге келген ұлы сазгердің ұзақ жылдық саналы ғұмыры қазақ жерінде өтті. Өн мен әуен өнерінің нас шебері қазақ әуенін зерттеу мен жарыққа шығару жолында талмай еңбектенді, бар өмірін осы салаға бағыштады десек те болады. Ол өзінің шығармашылық қызметін негізінен қазақтың музыкалық фольклорын зерттеуге арнады. Қазақ ұлтының ежелден келе жатқан ән өнеріне ерекше көңіл бөліп, халық арасындағы әнші, күйші, өнерге жақын адамдармен кездесіп, әндер мен күйлердің авторларын, оның тарихын зерттеп, зерделеуге баса назар аударды. Осы еңбеккер да, іздімпаз жанның арқасында кешегі өткен халық сазгерлерінің құнды мұралары бүгінге жетті. Әндер мен күйлерді жалықтап отырып нотаға түсірген. Бір сөзбен айтқанда, ол қазақ сахарасында еуропалық музыка мәдениетін қалыптастырып, бір ізге салды. Егер Е.Г.Брусиловский секілді музыкалық сауатты, халықтық өнерге жаны аштыны, еңбеккер жан болмағанда, осы күнге дейін жетіп, бүгінде де ел аузында орындалып жүрген өнеріміздің жайы не болмақ еді деген сауал туындайды.

Ол – Н.Бөкейханов, Л.Мұхитов, М.Бөкейханов, И.Байзақов тағы басқа да көрнекті музыканттардың әндері мен күйлерін мұрттың бұзбай, бастапқы қалыбын ақтай отырып жазып алған. Брусиловский алғашқы қазақ операларын, симфонияларын, ірі хорлық және кантата-ораториялық шығармаларды алғаш көрерменге танытқан өнер иесі. Ол "Қыз Жібек", "Жалбыр", "Ер Тарғын" операларының, "Сары-арқа", "Целлиная", "Құрманғазы" симфонияларының, кантаталардың, сюиталардың 50-ден аса әндер мен

романстардың авторы. Е.Г.Брусиловскийдің музыкалық шығармаларына ашық, бейнелі әуендік сипаттамалар тән. Қазақ әуенін өз бояуымен қабылдап, оны көрермен құлағына жеткізуде Е. Г.Брусиловскийдің еңбегі зор екендігін атап айтқанымыз орынды болар еді. Өзі өмірден өткен 1981 жылға дейін ол өзінің шығармашылық машығынан жаңылмаған. Оның алдынан бүгінге елге танымал болған Б.Байқадамов, А.Бычков, К.Күмісбеков, Қ.Қожамиртов, Н.Меңдіғалиев, Қ.Мусин, С.Мұхамеджанов, Е.Рахмадиев секілді каншама мызика мамандары тәлім-тәрбие алып, олар да қазақ өнерінің өрге басуына ауыз толтырып айтарлықта өз үлестерін қосты. Сазгердің жазған «Естеліктер» кітабы да қазақ өнеріне қатысты және өміріндегі бастан кешкен оқиғалар негізінде құралған. Ұлы тұлғаны қазақ халқы өздерінің ұлдарынан кем көрмей құрметтей білді. Алақанда аялап, өнері мен еңбегін лайықты бағалай білді. Аталмыш еңбектері уақытында бағаланған сазгер Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі ордендерімен марапатталған. Бүгінде Алматы қаласында Брусиловский атындағы көше бар. Бүгінде 110 жылдығы аталып өтіп жатқан ұлы сазгер, ғажайып тұлғаның есімі өнерсүйер қауымның және қазақ жұртшылығының жадынан ешқашан өшпек емес.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

реулері мыналар: Адамдарға насихат айтқанда өзіңді ұмытпа. Балауызға ұқсама. Балауыз жарық шығарғанда өзін ерітіп, тауысады; Үнсіз қалған өкінбейді, сөз – күміс, үнсіздік – алтын; Қарыздың салмағында езілгенше, тас тасы; Істеген ісінде бұрын мұны сынаған, тәжірибелі кісілерден ақыл сұра. Өйткені олар өздеріне қымбатқа түскен тура көзқарастарын саған ақысыз береді; Еңбек ет. Еңбектенбеген, табыс таппағанның діні мен ақылы олқы... Міне, осылар даналық істер мен даналық сөздер болып табылады. Аз айтылған, алайда көп және терең мағынаны қамтыған сөздер.

Лұқман Хакім баласына «Ұлым! Сенің әуелі қорғайтын нәрсен – нәпсің. Себебі, әрбір нәфстің тартылатын бір нәрсесі бар. Егер, нәпсіңе бір рет ерік берсең, екіншісін талап етеді. Сіркінге шінің астында лаулаған жалындай, нәпсі қалаулары жүрек ішінде жасырынған. Шақырып алсаң, лаулаған оттай өршиді. Ол нәпсіңе ермесең, бәрі жасырын қалады деген...», – деген насихат айтыпты. Адам негізгі рухани азығын ұмытып, денелік азықтың соңына түсіп кеткендігінен бұзылатын көрінеді. Өзі тойғанмен көзі тоймай, қанағаттың не екенін білмей қалады. Дүниелік өмірдің азығы мен мәңгілік ақыреттің азығын ажырата алмайтын дәрежеге жетеді. Лұқман хакім: «Асқазан толғанда ойын ұйықтап, Хикмет үндемей қалады және мүшелерің ғибадат жасай алмайды», – дейді.

«Ей, ұлым! Ұлы Құдіретті жаратушыны таны. Кімге ақыл насихат айтсаң, алдымен өзін жүзеге асыр. Сөйлеген сөзін қадіріңе лайық болсын. Адамдарды қадірлей біл. Көпшіліктің ақысын ойла, қиянат қылма. Өз сырынды жасырын ұста. Досыңды басыңа күн туғанда сына. Нәдан мен опасыз адамға жолама. Дана және білгір адамдармен дос бол. Аққөңіл және дана кісілермен ақылдас. Жақсы жұмысты тастама. Жаман жұмысты бастама. Ата-анаң үлкен дәулет. Қаражатты табысыңа қарай жұмса. Бір үйге барғанда көзің мен тіліңе абай бол. Аз сөйлеп аз тамақтануды әдет қыл. Адамдардың жақсылығына күншілдік қылма. Бүгінгі жұмысты ертеңге қалдырма. Байлығыңды дос дұшпанға білдірме. Жақсы адамды жаман деме. Шын сөзді езілге бұрма. Біреуді екінші адамның алдына ұялтпа. Айтқан сөзіңді екінші рет қайталама. Өзінді және жақындарыңды бөтендердің алдына мақтама. Ескі ұрыс керісті есепке алушы болма. Барша адамдарды құрметтей біл. Күн шыққанға дейін ұйықтама. Екі адам сөйлесе сөзіне араласпа. Орынсыз жұмыстарға соқтығысып, абыройыңды төкпе. Адамдардың көре алмай-шылығынан сақтан. Өзіңнің қор болмауыңды ойла. Мейірімді және кішіпейіл бол. Алладан қорық, халыққа ынсап қыл, ұлықтарға қызмет ет, кішілерге мейірім жаса, жастарға насихат айт, дұшпандарға ақкөңілділік көрсет және ғалымдарға еліктеумен өмір сүр.»

Лұқман ұлына жастайынан иләһи тәрбие

беруде барлық қажыр-қайратын жұмсаған дейді. Лұқман Хакім өзінің ұлына: «Адамның үштен бірі Алланикі, ол – рухы. Үштен бірі өзінікі, ол – амалы. Үштен бірі құрт-құмырсқанікі, ол – денесі» деп өсиет қалдырыпты. Сол сияқты, адам баласы төрт рет тоналады екен. Өлім періштісі – жанын тартып алады. Артында қалғандар – мал-мүлкін бөлісіп алады. Қабірде қалған денесін – құрт-құмырсқа жеп тонайды. Қиямет күні зияны тиген дауерлері – жақсылық амалдарын тонайды.

Тағы бір деректе былай дейді: Оның қожайыны оған қойды бауыздап: «Қойдың ең жақсы деген екі кесек етін кесіп ал», - деді. Лұқман Хакім қойдың тілі мен жүрегін кесіп алды. Кейін қожайыны: «Енді ең жаман екі жерін кесіп ал», - деді. Лұқман тағы да тілі мен жүрегін ұсынды. Қожайыны себебін сұрағанда Лұқман Хакім былай деп жауап беріпті: «Егер осы екеуі адал болса бұлардан жақсы жер жоқ, ал егер бұл екеуі бұзылса бұлардан жаманы жоқ».

Тағы бірде бір адам Лұқман Хакімді сөзін мұқият тындап отырған адамдардың ортасынан көреді. Сырттан қарап тұрған кісі Лұқманға қарап: «Сен бұрын менімен қой баққан адам емессің бе?», деп сұрапты. Лұқман: «ия, ол менмін», деп жауап берді. Сен мына дәрежеге қалай жеттің?», - деп сұрағанда, Лұқман Хакім: «Шыншылдық әрі маған қатысы болмаған нәрсеге араласпау арқылы», - деп жауап беріпті. Хакім Лұқман: «Екі дүниеде пайдасы тиетін бір сөз айттайын. Өткендердің және кейінгілердің ілімдерін дұрыс түсініп, оларды пайдаға асыру үшін сегіз нәрсеге мән беру керек. Олар: Төрт уақытта төрт нәрсені қорғау, екі нәрсені ұмытпау, екі нәрсені мүлде жадынан шығару. Қорғайтын нәрселер: 1.Намазда ықыласты. 2.Халық арасында тілді. 3.Жеп-ішуде ауызды. 4.Біреудің үйіне барғанда көзді. Ұмытпайтын екі нәрсе: 1.Аллаһтың ұлылығы. 2.Өлімнің бары. Ұмытатын екі нәрсе: 1.Біреуге істеген жақсылығың. 2.Басқаның өзіңе істеген жамандығы. Адамдардың істеген жақсылықтарын ұмытпау, менменсіп кетуден сақтап, жақсылық істеуге құлшынықты арттырады. Өзіңе істелген жамандықты ұмытпау, кектену және өш алу сезімін оятады. Міне, осылар Пайғамбарлар ілімдерінен қорытындылағаным» деп жауап берген екен.

Лұқман Хакім бізден алыста қалған дәуірде ғұмыр кешсе де, даналығы мен ұлағатты сөздері біздің ұрпақтарымыздың ұрпақтарына жетері сөзсіз. Жоғарыда келтірілген ғибраттар әр отбасында қолданылып, тәрбие құралы болуға лайықты сөздер ғой. Тіпті мектептерде тәрбие сағатында падалануға да болар еді. Алла Тағала баршамызға даналық пен хикметті терең меңгеріп амал жасауға нәсіп етсін!

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ



Еңбек адамдары

Білгеннің зияны жоқ

БЕСАСПАП ЖІГІТ

Елбасының баспасөз-ақпараттық құралдары өкілдеріне үнемі тапсырып отыратын мәселенің бірі, еліміз экономикасының дамуына өзіндік үлес қосып жүрген қарапайым еңбек адамдарының қоғамдағы ролі мен ерен еңбектерін дәріптеу, қалың бұқараға олардың атқарып жатқан жұмысын жария етуге саяды. Шынымен де, күйбені түгесілмейтін күнделікті тірліктің тасасында қалып, қарапайым еңбек адамдарының бейнесі назардан тыс қалып жататыны жасырын емес. Олар еліміздегі жұмысқа жарамды халықтың басым көпшілігін құрайды және халық шаруашылығының өркендеуіне қосып жүрген үлес-салмағы да басым. Сондықтан да еңбек адамдарының жасампаз жұмыстарын қалың көпшіліктің назарына ұсынып отыруды өзіміздің парызымыз санаймыз және бұл тақырыпты алдағы уақытта да жариялап отыратын боламыз. Сондай жандардың бірі «Приозерск қаласы ауруханасы» КМК мекемесінде жұмыс істейтін Дархан Раматұлы Бабажанов.

Қалалық аурухана қаладағы қызметкерлері мен жұмысшылары көп мекемелердің бірінен саналады. Халықтың денсаулығын қорғауға қызмет ететін аурухана мен емхананың адам санына және ғимараттарының ауқымына қарай оның атқарылуға тиісті шаруашылық жұмыстары да жетіп артылады. Дарханның ау басында таңдаған және оқып алған мамандығы есепшілік болғанымен, өмір оған стөзде отырып қызмет жасауды бұйыртыпты. Туған ауылында жүргенде еңбек жолын теміржолдан бастаған ол қазір қалалық ауруханада электрик, ағаш ұстасы, сантехник және жүргізілікті қатар атқарып жүр. Бір басына осыншама жұмысты жүктегенімен, бәріне үлгеретін жігіттің бесаспаптығы таңдай қақтырмай қоймайды. Өзінің жұмысына жауапкершілікпен, ыждағаттылықпен қарайтын оның атқарған жұмысынан шашау шықпайды. «Осыншама ауқымды жұмысқа қалай үлгересің?», деген сауалымызға былай деп жауап берді:

–Жұмыстың ауыр-жеңіл болмайды ғой. Егер адамның өзінде ынта-жігер болып, ісіне адалдықпен, жауапкершілікпен қараса, бәріне уақыт табуға да, сапалы етіп жасауға да болады. Бала-шағамды асыраймын, қоғамға құйттай болса да пайдамды тигіземін деген ниеті бар



адам өзіне тапсырылған шаруаны мүлтіксіз атқаруға тиіс. Оған қоса қолыңның ебі болып, жасайтын жұмысыңның тілін жақсылап меңгеруің керек. Сонда ешқандай ісіңнен ақау да кетпейді, олқылық та болмайды.

Орынды айтылған сөзге біз де тоқтаймыз. Ерте таңнан кешке дейін мекеменің шаруашылық жұмыстарын тынбай жүріп жасайтын жігіттің «шаршадым» дегенін естімейді екен ұжымдағылар. Осы мекемеде жұмыс істеген алты жыл ішінде ол басшылық пен ұжымның сенімімен қатар, құрметіне де ие болып үлгеріпті. Өміржолдасымен екеуі екі қыз бен бір ұлын тәрбиелеп отырған ұйыған отбасының басшысы. Осы ауруханада еден тазалаушы болып жұмыс істейтін жұбайы қазір кішкентай ұлымен декреттік демалыста екен. Орда бұзар шақтағы бесаспап жігіт Дарханның үлкен ұжымдағы маңызды жұмыстарды тыңғылықты атқарып, төрт бірдей кәсіптің басын қайырып жүруі кез-келген адамды тәнті етпей қоймайды. Осы секілді еңбеккер, өз ісіне тиянақты, уақыт пен жұмыс талғамайтын, іскер азаматтардың арқасында қоғамымыз гүлдене бермек.

Іске сәт, жұмысын алға басып, көптің ізеті мен құрметіне демекпіз біз де!..

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

Суретте: Д.Бабажанов жұмыста
Суретті түсірген автор

БАЛДЫҢ ПАЙДАСЫ

Қандай да бір дертке душар болғанда алдымен дәрігерге көрініп, оның жазып берген нұсқамасы бойынша дәріханаға жүгіретіміз шындық. Кей-бір дәрі-дәрмек бір ауруынды емдегенімен, басқа ағзана залалы тиіп жататыны да жасырын емес. Осындай кездері бұрыннан қолданылып келген халықтық медицинаға жүгінудің еш сөкеттігі жоқ екенін оқырманға ескертіп, қарапайым балдың емдік қасиеттері жайлы баспасөзден оқығанымызды ықшамдап ұсынғымыз келеді. Бұл кеңес Сіздерге пайдасын тигізіп, дертіңізге дауа болып жатса, біздің де мақсатымыздың орындалғаны.

«Бал – асқазанның ең жақсы досы». «Егер, сенде науқасты диетамен емдеуге мүмкіндік болса, оған дәрі беруші болма». Дәрігерлердің осы бір тамаша сөзі асқазан-ішек жолдары ауруларына шалдыққан ауруларды емдеудің негізі бола алады. Ара балы – расымен де аса құнды, керемет дәмі, диеталық қасиеті бар құнарлы тағам. Құнарлылығы және энергия көзі болу тұрғысынан барлық тағамдардың көшін бастап тұр десек артық айтқандық емес. Оның құрамында сіңуі қиынға соғатын заттар мен элементтер жоқ. Мәселен, көміртегі, ақуыз, минералды тұздар, дәрумендер ешқандай өңдеуге түспестен, қанға сіңіп, басқа ағзаларға тарайды. Ал халық медицинасында: «Бал – асқазанның ең жақсы досы» деген аталы сөз бар. Дәлел ретінде айта кетейік, гастрит жағдайында ең алдымен, асқазанның секретциялық және қозғалыс функциялары бұзылады, асқазан сөлінің қышқылдылығы немесе мөлшері көтеріледі не төмендейді. Ал, бал арасы дәл осы функциялардың қалпына келуіне қызмет етеді. Сондай-ақ, тәбетті қалпына келтіреді: әлсіз тәбетті күшейтеді, жоғары тәбетті тыяды.

Балды қай ауруға ниет етсеңіз де, шипа болады. Балдың бір қызығы, адам қандай ауруына ниет етіп ішсе, сол ауруға емдік әсері бар екендігіне дәрігерлер толық көз жеткізгендігін айтады. Ең алдымен Алладан тілеп, Алланың Құранда бал да шипа бар деп айтқандығына сеніп, балды ішсе және одан кейін де Аллаға тәуекел ете білсе аурудың айығып кетуіне әсер еткендігі дәлелденуде. Румыния дәрігерлері «катарка» деген көз ауруымен ауратын адамдарды балмен емдеген. Соның нәтижесінде бірнеше жылда, бал қабылдап емделген 2094 науқастардың 2002-сі дертінен толық жазылған екен. Польшалық дәрігерлер бал арқылы көптеген тері ауруларын жаздыртуға болатынын мәлім етті.

Ара балын зерттеген ғалымдар одан келесі артықшылықтарды анықтаған:

-асқазанда тез қорытылуы. Балдың құра-

мында глюкозаға, фруктозаға айналатын көмірсу молекулаларының түрлері болады. Олар бауыр мен бүйректің жақсы жұмыс атқаруына көмектеседі.

-калориясы төмен болғанымен, көп энергия беретіндігі. Бұл жерде айта кететін жайт, егер бір ыдыстағы бал мен келесі ыдыстағы қанттың құрамын салыстырсақ, балдың 40% мөлшерде төменірек нәрлілік беретінін көреміз. Бірақ мұнда таңғаларлығы, адам ағзасына бал қуат-күш бергенімен, дене салмағын көбейтпейді екен;

-ағзаға тез сіңірілуі; Балды қабылдаған адам миының жұмыс істеу қабілеті жақсарды, дененің қан айналымы дұрыс болуы үшін, керекті қуатты беріп тұрады. Сонымен бірге, қанды тазартады, әртүрлі қан-тамыр ауруларынан сақтайды, жүрекке оң әсер береді;

-бактерияға қарсы сипаты. Белгілі мөлшерде суға араластырылған күйінде қабылданған бал түрлері, антибактериялық сипатқа ие болады. Ғалымдар жаңа туылған араларға аналары таза бал бермей, оны сумен араластырып беретінін анықтаған.

Әбу Әли Ибн Сина «Егер жастық шағыңды сақтап қалғың келсе, балды жиі же»,- деген екен. Бал әйел адамға да, ер адамға да күш-қуат береді. Спортшылар қауымы жаттығу алдында бір қасық балды жеуді әдетке айналдырып, нәтижесінде шаршамайтындықтарын айтқан. Сондай-ақ, клеткалардың жанаруына әсерін тигізеді. Терінің жас қалпын сақтап тұруда да балдың ролі үлкен екен. Бетке маска ретінде немесе тыртық, жаракатты кетіру үшін пайдалануда да оң нәтижелер берілгендігі айтылып жүр. Имунитеттің күшеюіне себеп болып, мешелдік, алапес ауруларының алдын алады. Балдың құрамында 70-тен астам элементтер бар. Өлемнің ең атакты ғалымдар әлі де зерттеу жүргізуде. Алайда, тағамның құпиясы толық ашылмай келеді. Оның құрамындағы антибактериялық заттар көп. Яғни, балдың бетінде санйрауқұлақтар пайда болмайды. Балды дұрыс сақтаған жағдайда ғасырлар бойы сақтала береді.

Біздің мақсатымыз медицинаны жоққа шығарып, үй жағдайында емдік шараларын жүргізуге үндеу емес. Керісінше, ислам медицинаны жоққа шығармайды, негізгі бастауы бола отырып, бірлесіп жұмыс жасауды нысанға алады және біз де алдымен дәрігерге қаралып, нұсқауларына құлақ асуды ұсынамыз. Алла қаласа, дертіңізге шипа табарсыз!..

Баспасөз материалдары арқылы газетке дайындаған: Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК И ПОСЕЛКА САРЫ-ШАГАН!

Если Вы стали очевидцем дорожно-транспортного происшествия, имевшего место 13.09.2015 года, около 22 час. 45мин. на 498 км. автотрассы «Алматы-Екатеринбург» (не доезжая 2-х км. до станции Сары-Шаган) с участием автомобиля марки «Мерседес-Бенц - 200» белого цвета, государственный регистрационный знак KZ 324 RTF 09, в результате которого погибли двое военнослужащих Приозерского гарнизона, просим Вас позвонить или обратиться в Отдел военной полиции Приозерского гарнизона, для оказания содействия в расследовании уголовного дела по факту ДТП.

Наш адрес: г.Приозерск, бульвар Советской армии, д.13, Отдел военной полиции Приозерского гарнизона.

Телефон дежурной части: 8(71039) 5-45-04

Телефон должностных лиц: 8-701-906-74-92; 8-747-877-85-44

Заранее благодарим за содействие.

К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!

ПОДОРОЖАЛ БЕНЗИН?

Попробуйте катализатор MPG-BOOST™.

Катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ), способствует экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).

MPG-BOOST™ способствует:

- улучшению работы двигателя;
- снижению шумов;
- улучшению смазки клапанов;
- уменьшению углеродистых отложений и увеличению срока эксплуатации свечей;
- усовершенствованию увлажнения;
- снижению расхода топлива.

По вопросам приобретения обращаться по телефону:

+7 (702) 604-02-60

(возможно приобретение пробной дозировки)



ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

О ПРЕКРАЩЕНИИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

объявляет

Онербеков Жусупбек Саменович
Свидетельство ИП серия 10915
№0109252 от 03.11.2011 г.

Претензии принимаются по тел: 5-36-51
в течение месяца.

НЕДВИЖИМОСТЬ Продам

Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая.
Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59

3-ком. квартира, 4 этаж, с ремонтом, по адресу: ул.Балхашская, д.2, кв.16. Цена договорная. Полная информация по телефону: 8 701 443 60 09

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая.
Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11

3-х комнатная квартира по адресу

Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60, 6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:8-701-481-47-98,8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40
Рассмотрим варианты!

УСЛУГИ

Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мад. Тел. 87026988613

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:

ул. Космонавтов, 5-107,
телефон: 5-50-81

Время работы:
с 10.00 час. до 19.00час.

Выходной - Понедельник

На маникюр и педикюр

запись по телефону:
8-771-699-32-89;
8-778-854-18-33

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 44/429 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041